Келісім шарт №11

2014 ж «28» сәуір **Баканас ауылы**

Алматы облысы « Балқаш аудандық құрылыс бөлімі» ММ (9.01.2012ж №223-1907-02-ММ. мемлекеттік куәлік, БСН 121400033891), одан әрі «**Тапсырыс беруші**» деп аталатын, Балқаш ауданы Әкімінің **№216.14.12.2012ж.** қаулысымен бекітілген Ереже негізінде іс-әрекет жасайтын Балқаш аудандық құрылыс бөлімінің басшысының м.у.а **Мусаев Дархан Жайлаубекович** бір жағынан, **«Балқаш жолдары» ЖСШ** (21.02.2005ж, №149-1907-05-ЖШС куәлік, БСН 050240015965 **серіктестіктің директоры Ибраев Асқар Серикжанович,** бұдан әрі **Мердігер** деп аталатын, жарғы негізінде (екінші тараптан, мемлекеттік сатып алу туралы (бұдан әрі – келісім- шарт) осы келісім-шартты жасасты және төмендегідей келісімге келді:

1. Шарттың мәні.

1.1.Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 2007 жылғы 21 шілдедегі №303-III-КРЗ. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы заңына өзгерістер мен толықтырулар туралы» 20.11.08ж. № 87 - VI заңының, Қазақстан Республикасының Үкіметі 2007 жылғы 27 желтоқсанда бекіткен № 1301 «Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру мен өткізу Ережелері туралы» (31.12.08ж. №1356 өзгертулер мен толықтыруларымен) нұсқауының Алматы облыстық құрылыс басқармасының өткізген электронды конкурстың 22.04.2014ж. № 664674 қортынды хаттамасына сәйкес құрылыс жұмыстарын сатып алу.

1.2 Тапсырыс беруші «Алматы облысы Балқаш ауданы Көкжиде ауылындағы «Балдырған балабақша ғимаратын реконструкциялау» құрылысы» Құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалуы бойынша жұмыстарды қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенеді.

1.3. Бюджеттік бағдарламаның әкімшілігі:

467– аудандың/облыстық маңызы бар қаланың/ құрылыс бөлімі ;

037- білім беру объектілерін салу және реконструкциялау;

015– жергілікті бюджет қаражаты есебінен;

431- жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау;

2.Шарттың бағасы мен сомасы

2.1. Осы нағыз келісім-шарттың жалпы құны (Бір жүз жиырма төрт миллион сегіз жүз он үш мың тоғыз жүз он жеті теңге) теңгені құрайды.

2.2. Келісім-шарттың жалпы сомасының **5** пайыз мөлшерінде алдын ала төлем сомасы 6240695-85 (алты миллион екі жүз қырық мың алты жүз тоқсан бес мың) теңге 85 тиын..

2.3 Егерде мердігер уақытында, белгілінтен заң бойынша, тапсырыс берушіге қол қойылған келісім-шартты ұсынбаған уақытта немесе келісім-шартқа отырып бірақ келісім-шарттың орындалуын камтамасыз етпеген жағдайда мемлекеттік сатып алу заңының 4 гармағы 37 бабына сәйкес, (10 жұмыс күні ішінде) мердігер келісім-шартқа отырудан бас тарты деп танылады.

Егерде мердігер келісім-шарттан бас тартқан болып танылған жағдайда, тапсырыс беруші:

а) мердігердің конкурсқа қатысу үшін камтамасыз еткен өтінімін қайтармауға және уәкілетті органдарға қатысты мәліметті ұсынып және мемлекеттік сатып алу қатысушысының ісіне ықпассыз деп мойындап сотқа шағым беруге құқығы бар;

б) мердігерді мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шартқа отырмауы жайлы іске тартуға және келісім-шатрка отырудан бас тартуы себебінен шыққан шығымдардың орнын толтыру үшін сотқа шағым беруге құқығы бар.

4 Одан кейінгі **«Тапсырыс берушімен»** тапсыру – қабылдау актісі бойынша жобалар қабылданып алғаннан бастап 5 күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

3.1. Тапсырыс беруші Ф-2 кс, Ф-3 кс бойынша жұмыстардың орындалған көлемдерін актілер түрінде міндеттемелердің орындалу барысы туралы ұсынылған ақпаратты 3 күнде қабылдайды немесе негізделген ескертпелер бойынша қосымша өңдеуге қайтарады.

3.2 **Тапсырыс беруші Мердігерге** құрылыс жүргізуге бөлінген жер телімін толығымен пайдалануға рұқсат береді Егер құрылыс жүргізуге бөлінген жер телімі келісім шарттың Ерекше жағдайларында көрсетілген күні берілмесе және осы себепке байланысты жұмыстардың орындалуы кідірілсе, мұндай жағдайда **Тапсырыс беруші** осы жер телімін беруін кідірілген мерзіміне жұмыстардың аяқталу мерзімін ұзартуы тиіс.

3.3. **Тапсырыс беруші** немесе оның өкілетті тұлғасы, сондай-ақ **жобалау-сметалық құжаттама дайындаған авторлар** Келісім – шарт бойынша, жұмыс орындалып жатқан немесе орындалатын жер телімінің кез келген жеріне кіруге қашанда рұқсаты бар.

3.4 **Тапсырыс беруші Мердігерге** жобалау-сметалық құжаттаманың бір данасын. Келісім шарт тіркелген күннен бастап 10 күн мерзімде отырып беруі тиіс

3.5. **Мердігер** осы Келісім - шартпен қарастырылған барлық жұмыстарды орындауға міндеттенеді.

3.6.**Мердігер** қосалқы мердігерлік ұйымдарымен жұмыстардың жалпы көлемінің 2/3 аспайтын (мердігерлікті бағасы) келісім – шарттар жасай алады, бірақ **Тапсырыс берушінің** жазбаша рұқсатынсыз

үшінші тұлғаға келісім - шартты бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы **Тапсырыс беруші** мен **Мердігер** арасындағы келісім - шарттың қағидаларын өзгертпейді.

3.7. Құрылысқа жалданған қосалқы мердігерлер болған кезде **Мердігер** олармен өз жұмыстарын үйлестіруі тиіс.

3.8. **Мердігер** негізгі лауазымдарға Біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдайды. Осы лауазымды адамдарды басқаларға ауыстырған кезде, **Мердігер** ауыстыруға **Тапсырыс берушіден** келісім алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі Біліктілік туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлердің біліктілігімен бірдей немесе одан жоғары болуы тиіс.

3.9. Егер **Тапсырыс беруші**, бұл ретте себептерін көрсете отырып, **Мердігерден** Мердігер немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын тұлғаны Нысандағы жұмыстарды орындаудан шеттетуді өтінсе, **Мердігер** 72 сағаттың ішінде құрылыс нысанынан осы тұлғаны шеттетіп тастауға міндетті, содан кейін бұл тұлға осы Шарт бойынша жұмыстардың орындалуына ешқандай байланысы болмауы тиіс.

3.10. Келісім - шартты орындау барысында және оның салдарынан туындайтын зардаптарға байланысты **Мердігер** залалдарға немесе **Тапсырыс берушінің** мүлкіне, өз қызметкерлерінің жеке меншігі мен денсаулығына зиян келтірілуіне, сондай-ақ өз қызметкерлерінің каза болуына, барлық қауіп-қатер үшін жауап береді.

3.11. **Тапсырыс беруші** мен **Мердігер** келісім шарт бойынша олардың арасында туындаған немесе барлық келіспеушіліктерді және дауларды тікелей ресми емес келіссөздердің барысында шешуге барлық күш-жігерлерін салулары тиіс.

3.12. Егер осындай ресми емес келіссөздер басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күннің ішінде **Тапсырыс беруші** мен **Мердігер** Келісім - шарт бойынша бейбіт жолмен дауды шеше алмаса, тараптардың кез келгені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы мәселені шешуді талап етуі мүмкін.

3.13. **Егер Мердігер** техникалық құжаттама және ҚНжЕ талаптарын бұза отырып орындалған жұмыстарды түзету жөнінде өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ егер **Мердігер** жобалау - сметалық құжаттамаға сәйкес жұмысты соңына дейін орындауға қабілетсіз болса, **Тапсырыс беруші** жұмыстардың тұтас немесе оның бір бөлігінің тоқтатылуы туралы **Мердігерге** жазбаша нұсқамамен өкім етуі мүмкін.

3.14. Егер **Мердігер** жұмысты түзете алмаса немесе түзеткісі келмесе (оны жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес келтіру) және бұл туралы **Тапсырыс берушіден** жазбаша ескертулер алғаннан кейін жеті күннің ішінде жазбаша немесе іс-қимыл жасалуымен жауап бермесе, **Тапсырыс беруші** көрсетілген жеті күндік мерзімі өткеннен кейін өзінің талабын қайталауға құқығы бар. Табылған ақауларды жоюға бағытталған іс-әрекеттер жасаламаған жағдайда **Тапсырыс беруші, Мердігер** барлық кажетті жұмыстарды орындағанша жұмысты тоқтата тұрады.

4. Тараптардың жауапкершілігі.

4.1. **Мердігер** жұмыстарды жүргізудің техникалық қауіпсіздігі үшін толық жауап береді.

4.2. Құрылыс жүргізуге бөлінген жер телімінде табылған тарихи немесе басқа да мүдделілік пен құндылығы бар кез келген табылған зат (олжа) **Тапсырыс берушінің** меншігі болып табылады. Мердігер осындай олжа туралы Тапсырыс берушіні хабардар етуі және оларды акті бойынша Тапсырыс берушіге тапсыруы тиіс.

4.3. Егер **Тапсырыс беруші** қабылдаған шешім Мердігерге Келісім шарт талаптарының шеңберінен шығып кеткендей болып көрінсе, жоғарыдағы шешім бойынша **Мердігер** сотқа шағым беруге мүмкіншілігі бар.

4.4. **Мердігер** жұмыстардың орындалу сапасына, құралдарына, әдістеріне, техникасына және кезектілігіне бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ Келісім шарт бойынша барлық жұмыстарды үйлестіруге толық жауап береді.

4.5. **Мердігер** өз қызметкерлерінің, Қосалқы мердігердің, Қосалқы мердігер қызметкерлерінің және сенімді тұлғаларының, сондай-ақ **Мердігермен** жасалатын шарттың негізіндегі Келісім - шарт шеңберінде жұмыстардың бір бөлігін орындайтын басқа да тұлғалардың іс-әрекеттері мен олқылықтары үшін **Тапсырыс берушінің** алдында жауап береді.

5.1 Осы Келісім - шартқа қол қойылған күннен бастап 10 күн мерзім ішінде **Мердігер Тапсырыс берушіге** жұмыстардың жүргізу кестесін бекітуге береді, онда Нысанның құрылысы бойынша жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімдері баяндалады.

5.2. Төмендегі оқиғалар жұмыстың ұзақтығы мерзімдерін өзгертуге әкеп соқтырады:

1) **Тапсырыс беруші** Нысанының барлық жер телімдерін пайдалануға рұқсат етпейді, бұл жұмыстардың орындалуын кідіртеді. Мұндай жағдайда Тапсырыс беруші осы Келісім - шарт бойынша жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартуға міндетті:

2) **Тапсырыс беруші** Келісім - шартта жоспарланбаған сынақтарды өткізу үшін жұмыстарды тоқтатуға **Мердігерге** нұсқау береді. Егер осы сынақтар кандай да бір Ақауларды көрсетпеген жағдайда, сынақ жүргізу үшін жұмыстар тоқтатылған уақыты Келісім – шартта көрсетілген жұмыстардың орындалу мерзіміне қосылады:

3) Алдын ала төленетін төлем кілірілсе;

4) Тапсырыс беруші қабылданған жұмыстарға ақыны 30 күнтізбелік күн ішінде төлемейді.

6. Жұмыстардың орындалу мерзімдері мен тәртібі.

6.1. Егер ойлағаннан басқадай әрекет жасауға мәжбүр ететін жағдайлар немесе ауытқулар орын алса, жұмыстарды орындау үшін қосымша мерзімдер талап етілсе, сондай-ақ жұмыстарды орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын Ақаулар анықталса, **Тапсырыс беруші** оларға өзі ұсынған жұмыстардың орындалу мерзімін ұзартады. Бұл ретте **Мердігер** азаматтық заңнамада көзделген рәсімге сәйкес **Тапсырыс берушіні** жазбаша хабардар етуі тиіс.

6.2. **Мердігер Тапсырыс берушімен** келісіп, осы Келісім - шартта көзделген жұмыстарды мерзімінен бұрын орындауға құқылы.
6.3. **Мерзімінен бұрын** орындалған жұмыстар келесі кезенде орындалатын жұмыстардың есебіне жатқызылады.
6.4. Осы Келісім - шарт бойынша жұмыстардың жеткізілетін жері: **Балқаш ауданы, Көкжиде ауылы.**
6.5. Осы Келісім -шартта көзделген жұмыстар бас жобалаушы **ЖШС«ЦентрПроектБаканас»** ұсынған жұмыс сызбаларына толық сәйкестендіріліп орындалады.

7. Жұмыстардың орындалу сапасы

7.1. **Тапсырыс беруші** жұмысты немесе конструкцияны тексеру үшін сынак жүргізе алады. Егер тексеруден кейін тексерілген жұмыс немесе конструкция Ақаулы болып табылса, **Мердігер** жұмыстардың Ақауын түзетеді және конструкцияны ауыстырады.
7.2. **Тапсырыс беруші** табылған Ақаулардың түзету мерзімін көрсете отырып, **Мердігерді** жазбаша хабардар етеді.
7.3. Ақаулар туралы хабарлама алғаннан кейін **Мердігер Тапсырыс беруші** келісілген уақыт кезеңінің ішінде Ақауды жоюға міндетті.
7.4. **Мердігер Тапсырыс берушімен** негізгі материалдар және жабдықтардың үлгілеріне катысты келіседі және **Тапсырыс берушіге** шарт бойынша берілетін материалдар мен жабдықтың сапасы жаксы және жана болатынына, жұмыс жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін деңгейде болатынын және оның сапасын төмендететін ақауларсыз орындалатынына, жұмыс құрамы жобалау-сметалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетіндігіне кепілдік береді. Осы талаптарға сәйкес келмейтін, оның ішінде жеткіліксіз негізделген және рұксат берілмеген өзгерістері бар жұмыс ақаулы болып табылады; ҚР Азаматтық кодексіне сәйкес мерзім **Мердігер** ұсынатын кепілдікке **Мердігер** (Қосалқы мердігер) пайдалану кезінде, түрлендіру ережелерінің бұзылу себебі бойынша, дұрыс ұстамау немесе жеткіліксіз техникалық қызмет көрсету, сондай-ак оны дұрыс пайдалану кезінде жол берілген тозу немесе жабдықты бүлдіру себебі бойынша зиянды өтеу немесе Ақауды түзету енгізілмейді. **Тапсырыс берушінің** талаптары бойынша **Мердігер** материалдар мен жаблыктардың сапасын растайтын Құжаттарды беруі тиіс.
7.5. Мердігер жеткізетін жабдықтардың, қосалқы бөлшектері мен механизмдерінің кепілдік мерзімі дайындаушы-зауыттың кепілдік мерзіміне сай келеді.

8. Өзара есептесудің мерзімдері мен тәртібі.

8.1. **Тапсырыс беруші Мердігердің** орындаған жұмыстарының ақысын **Мердігердің** берген төлемдік талаптарына (шот-фактураларына) сәйкес 7 күнтізбелік күнде төлейді.
8.2. Орындалған жұмыстардың көлемі үшін есептесу **Тапсырыс берушіге** әр айдың 22-і күнінен кешіктірілмей берілетін, тек Ф-2 кс, Ф-3 кс актілері бойынша орындалған жұмыстардың көлеміне **екі тарап** міндетті түрде қол қойған соң ғана жүргізіледі.
8.3. **Тапсырыс беруші** мен **Мердігер** арасында орындалған жұмыстардың көлемі үшін есептесу акшасыз есеп айырысу жолымен орындалған жұмыстардың актілеріне сәйкес жүргізіледі.
8.4. Ай сайынғы төлемдер орындалған жұмыстардың көлемінен бара-бар мөлшерде алдын ала төлем сомасы ұсталып калып отырады.
8.5. **Мердігерге** осы Келісім шарт бойынша жалпы құнның 5 пайызы мөлшерінде түпкілікті төлем жасауды, келісім - шарт бойынша барлық міндеттемелер өтеліп және тапсырыс беруші аумақтық қазынашылық төлеміне оны пайдалануға беру туралы мемлекеттік комиссиясын бекітілген актісін бергеннен кейін ғана. **Тапсырыс беруші** төлем акыны толығымен жүргізеді.

9. Форс-Мажор.

9.1. Тараптардың әркайсысының өзіне алған міндеттемелерінің толық немесе ішінара орындауына кедергі жасайтын күтілмеген жағдайда туындаған, осы Келісім - шарт бойынша міндеттемелердің аткарылу мерзімін өзгерту туралы келісім - шарт жасасып, өздері белгілеген мерзімге, кейінге калдырады.
9.2. Егер **Тапсырыс** беруші немесе **Мердігер** бакылауы мүмкін емес дүлей зілзала, әскери іс-кимылдар немесе кандай да бір ойламаған баскадай әрекет жасауға мәжбүр ететін төтенше жағдайлар Келісім - шарттың орындалуын бұзса, **Тапсырыс беруші** Келісім - шарттың токтатылуын куәландырады. **Мердігер** токтату туралы хабарлама алғаннан кейін, кыска мерзімде Нысаннын сактауга қойылуын камтамасыз етеді және жұмыстарды токтатады. **Тапсырыс беруші** Нысанды токтату күніне дейін орындалған жұмыстардың барлық көлемі үшін және Нысанды сактауга қойылуына байланысты жұмыстар үшін **Мердігерге** акысын төлейді.
9.3.**Тапсырыс беруші** жогарыда айтылған себептер бойынша олардын толық аякталуына және кабылдауына дейін **Мердігер** жұмыстарының кандай да болмасын залалдары немесе кандай да болмасын закымданулары үшін жауап бермейді және **Мердігер** жогарыда айтылгандардың нәтижесінде туындаған кандай да болмасын залалдың, кандай да болмасын закымданулардын және өзге де акаулардың барлық түзетулерін косымша өтеусіз жүзеге асырады.

10. Өзге талаптар.

10.1. Осы келісім - шартта төменде аталатын ұғымдар төмендегідей түсініктемені камтиды:
- **Тапсырыс беруші** - Балкаш ауландык құрылыс бөлімі.
- **Бас мердігер (бұдан әрі Мердігер) – « Балкаш жолдары» ЖШС.**

Қосалқы мердігер – Келісім - шарт бойынша жер телімінде (нысанда) жұмыстардың бір бөлігін орындау туралы Бас мердігермен шарт жасаскан тұлғаны немесе ұйымды білдіреді.

- **Техникалық қадағалау** – Келісім - шарттың талаптарына сәйкес **Мердігердің** мердігерлік жұмыстарын орындау бойынша бақылауды жүзеге асыру үшін **Тапсырыс беруші** тағайындаған және **Мердігерге** хабарландырылған тұлғаны білдіреді.
- **Нысан – Балқаш ауданының Көкжиде ауылындағы «Балдырған » балабақша ғимаратын реконструкциялау құрылысын салу. Құрылыс-монтаж жұмыстарына**
- **Жер телімі** – Нысанның құрылысына немесе жұмыстарды жүргізу үшін бөлінген аумақты білдіреді.
- **Шарттың құны - Мердігер** оның конкурстық өтінімінде көрсеткен және **Тапсырыс** беруші қабылдаған Келісім -шарттың жалпы сомасын білдіреді.
- **Шарт** - Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік сатып алу туралы" Заңына және ғимараттар мен құрылыстарды салуға және жөндеу-құрылыс жұмыстарына арналған Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес **Тапсырыс беруші** мен **Мердігер** арасында жасалған азаматтық-құқықтық келісім - шарт. Келісім - шартқа қол қойылғаннан кейін, оған барлық толықтырулар мен өзгерістер өзгерістерді қабылдау арқылы жасалуы мүмкін. Келісім - шарт Жобалаушы мен Мердігер, Тапсырыс берушілер мен Қосалқы мердігерлер арасында, кандай да бір шарттық қарым-қатынастар жасау максатында түсіндірілмеуі тиіс.
- **Уақытша құрылыстар** - Нысанның құрылысы мен жөндеу үшін қажетті Мердігер тұрғызатын, қондыратын және Нысан құрылысы аяқталғаннан кейін алынып тасталатын барлық уақытша ғимараттар мен құрылыстарды білдіреді.
- **Материалдар** – **Мердігер** мен **Қосалқы** мердігер **Нысананың** құрылысы үшін пайдаланатын барлық шығыс материалдарын білдіреді.
- **Жабдық** - Нысанның құрылысы үшін жер телімінде уақытша орналастырылған Мердігер мен Қосалқы мердігердің барлық машиналары мен механизмдерін білдіреді.
- **Құрылыстың ұзақтығы мерзімі - Мердігер** оның ішінде Нысананың құрылысын аяқтайтын мерзімді білдіреді.
- **Күндер** - күнтізбелік күндер. **Айлар** - күнтізбелік айлар.
- **Өзгерістер** – Келісім - шартқа қол қойылғаннан кейін Тапсырыс беруші берген өзгерістер.
- **Ақау** - Келісім -шарт талаптарын бұзушылықтармен орындалған жұмыстардың бір бөлігі.

- **Кемшіліктер мен ақауларды жою кезені** - жұмыстардың орындалуын тексеру барысында анықталған кемшіліктер мен ақауларды жою кезені.

10.2. **Мердігер** жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлыққа және өзге де себептерге байланысты залалдың, зақымданудан, жойылуын, қараудың барлық түрлерінен орынлалған жұмыстарды және барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстар мен өзге де жұмыстарға байланысты тұрған қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. **Мердігер** өз жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ **Тапсырыс берушіге** тиесілі меншікті және де жолдарды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын әрі жылжымалы және жылжымайтын мүліктердің өзге де түрлерін коса алғанда, (бірақ осымен шектелмей) зақымданудың қандай да бір түрлерінен немесе басқа да себептерден оған тиесілі ғимараттарды қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Жоғарыда айтылғандарға байланысты **Мердігер** шеккен барлық шығындар **Тапсырыс беруші** тарабынан қосымша өтеуге жатпайды.

10.3. **Тапсырыс беруші** немесе **Мердігер**, егер екінші басқа тараптан Келісім - шарттың көздеген принциптік қағидаларын бұзатын елеулі жағдайлар орын алған болса, араларындағы шартты бұза алады.

10.4 Келісім - шарттың елеулі түрде бұзылуы мыналарды қамтиды, бірақ тізбеленгендермен шектелмейді:

Келісім - шартты бұза алады:

Жұмысты тоқтатуға **Тапсырыс беруші** тарапынан рұқсат етілмесе де, **Мердігер** 5 күнге дейінгі мерзімге жұмыстарды тоқтата алады:

3) **Мердігер Тапсырыс беруші** анықтаған негізделген уақыт кезенінің ішінде көрсеткен Ақауларды жоймаса;

Тапсырыс беруші Мердігерге жұмыстардың барысын кідіртуге нұсқау берсе, және де мұндай нұсқау 5 күн ішінде күшін жоймаса;

Тапсырыс беруші, не **Мердігер** оның қайта ұйымдастырылуын немесе біріктірілуін қоспағанда, қандай да болмасын себептер бойынша банкроттыққа ұшыраса немесе таратылса;

Тапсырыс беруші техқадағалаушы растаған және **Тапсырыс беруші қабылдаған** соманы, расталған күннен кейінгі 15 күн ішінде Мердігерге төлемесе.

7) **Мердігер** жобалау құжаттамада және шарттық құжаттамада көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелеріне, нұсқаулықтарына және Ережелеріне мән бермесе.

10.5. Егер Келісім - шарт бұзылса, **Мердігер** жұмыстарды дереу тоқтатуы, Нысанды сақтауға қойылуын және оны **Тапсырыс берушіге** белгіленген тәртіппен тапсыруды қамтамасыз етуі тиіс.

10.6. Егер Келісім шарт **Мердігердің** Келісім - шартты елеулі түрде бұзуына байланысты бұзылса, **Тапсырыс беруші** алдын ала төленген сомалар мен жаңа **Мердігерді** таңдау шығындарын шегеріп тастағаннан кейін іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған сомаларды **Мердігерге** төлейді. Егер Келісім - шарттың бұзылуына байланысты **Тапсырыс беруші** шығындарының жалпы сомасы **Мердігерге** тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырма **Тапсырыс берушіге** төленуге тиіс борышты құрайды.

10.7. **Тапсырыс беруші** кез келген уақытта оның одан әрі орындалуын **Мердігерге** тиісті жазбаша хабарлама жіберге отырып, орынсыз екендігіне байланысты Келісім - шартты бұза алады. Хабарламада Келісім - шарттың бұзылу себебі көрсетіледі. Келісім - шарттың күші жойылған жұмыстарының көлемі, сондай-ақ Келісім - шарт оның бұзылуы күшіне енгізілетін күні келісіледі.

10.8. Мұндай жағдайларда **Тапсырыс беруші** барлық орындалған жұмыстардың, сатып алынған материалдардың құны үшін, Нысаннан машиналар мен механизмдерді әкетуге жұмсалатын шығындарға және Нысанды сақтауға кою құны үшін ақы төлеуді жүргізеді.
10.9. Келісім - шарттың осындай мән-жайларға байланысты күші жойылса, **Мердігер** Келісім - шарт бойынша бұзылуға байланысты тек іс жүзіндегі шығыстар үшін бұзылу күніне дейін ғана, ақы төлеуді талап етуге құқығы бар.
10.10. Нысанда тұрған барлық материалдар мен Жабдықтар, сондай-ақ уақытша құрылыстар мен орындалған құрылыс жұмыстары **Тапсырыс берушінің** меншігі болып саналады. Егер Келісім - шарт **Мердігердің** Келісім - шарттың қағидаларын елеулі түрде бұзуы себебі бойынша бұзылса, Келісім - шарттың бұзылуымен байланысты қаржылық анықтаулар шешілгенге дейін оның иелігінде болады.
10.11. **Мердігер** Нысанға жеткізілуі тиісті барлық материалдар мен жабдықтарды жеткізуді, тасымалдауды, түсіруді және сақтауды ұйымдастыру үшін жауап береді. Жеткізілетін өнім тек қана **Мердігердің** атынан жүзеге асырылады. Басқадай жағдайда **Тапсырыс беруші** жеткізуге, өңдеуге, сақтауға және көлік құралдарының бос тұрып қалуына ақы төлеуге байланысты шығындар үшін жауап беруге тиісті емес. Басқа жеткізулер **Тапсырыс берушінің** атына бағытталуы тиіс емес.
10.12. **Мердігер** Жер теліміне материалдар мен жабдықтарды алу кестесін **Тапсырыс берушіге** ұсынады. Сақтау, қалап немесе тексеріп жинау үшін тек **Тапсырыс беруші** рұқсат еткен жер телімдері пайдаланылуы мүмкін. Егер **Мердігер** жүк түсіруді және өз материалдары мен жабдықтарын сақтауды кідірткен жағдайда және мұндай кідіріс тұтас алғанда, жұмыстарды жүзеге асыруға нұқсан келтірсе, **Тапсырыс беруші Мердігер** есебінен жүк түсіруді және **Мердігердің** материалдары мен жабдықтарын сақтауды жүзеге асыра алады (бірақ мұны істеуге міндетті емес). Егер осындай жүк түсіруді немесе сақтауды **Тапсырыс беруші** жүзеге асырған жағдайда, жоғарыда аталған зиян немесе зақымдануға байланысты барлық қауіп-қатерді **Мердігер** өз мойнына алады.
10.13. **Мердігер** Жер телімі аумағын тазалықта ұстайды. **Мердігер** Жер телімінен барлық құрылыс қоқысын шығаруға және Жер телімін жедел тәртіпке келтіруге міндетті.
10.14. Егер **Мердігер** Жер телімін тазалықта ұстауға шамасы келмеген жағдайда, оны осы Келісім - шартта талап етілгендей **Тапсырыс беруші** шығыстарды **Мердігер** есебіне жатқыза отырып, осы жұмысты орындауы мүмкін.
10.15. **Мердігер** Келісім - шартта келісілген барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін жұмыстардың аяқталуы туралы **Тапсырыс берушіге** хабарлама жібереді. **Тапсырыс беруші** жеті күн мерзімнен кешіктірмей Келісім - шартқа сәйкес жұмыстардың аяқталуын бағалау жөніндегі комиссияны белгілейді. Жұмыс комиссиясының құрамына Бағдарлама Әкімшісі өкілі енгізілуі тиіс.
10.16. Жұмысшы комиссия **Мердігердің** қатысуымен жүргізіледі, оның ескертпелері жойылғаннан кейін Нысан Мемлекеттік қабылдау комиссиясының қабылдауына беріледі.
10.17. Жұмысшы топ кемшіліктердің тізбесін жасайды және оларды жою мерзімін көрсетеді. Кемшіліктерді жою күні Келісім - шарттың аяқталу күні болып табылады. Барлық кемшіліктерді жою дерегі Нысанды пайдалануға түпкілікті қабылдаудың Актісымен (Мемлекеттік комиссия актісі) анықталады.
10.18. Жұмыстардың басталу мерзімі осы Келісім - шарттың тіркелген күні болып саналады.
10.19. Мердігер жұмыстардың барлық түрлерін **2014 жылдың 25 қазанына** аяқтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді. **2014 жылдың 25 қазанына** дейін барлық ақаулар кемшіліктердің жойылуы тиіс.
10.20. Төменде саналатын құжаттар мен онда айтылған шарттар осы Келісім - шартты құрайды да оның ажырамас бөлігі болып саналады, яғни:
1) осы Келісім - шарт;
2) Келісім - шарттың мәні;
3) Келісім - шартты орындауды қамтамасыз ету;
4) Жобалау - сметалық құжаттама.
10.21. Келісім - шарт орыс және қазақ тілдерінде құрастырылады. Келісім - шартқа тиесілі барлық хат-хабар және тараптар алмасатын басқа да құжаттама осы талаптарға сай келуі тиіс.
10.22. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері Келісім - шарттың құқықтық нормалары болып табылады.
10.23. Нысан құрылысының мәселелеріне қатысты **Тапсырыс беруші**, **Мердігер** және Бағдарламалардың Әкімшісі арасындағы ресми қатынастың жазбаша түрде ғана күші бар.
10.24. Егер **Тапсырыс беруші** Келісім шартта (2.2.-т., 10.19-т.) көрсетілген мерзімдерде жұмыстарды орындамаса, онда **Мердігер** мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының **0,1 пайызы** мөлшерінде бюджетке айыппұл төлейді. Айыппұл санкцияларын төлеуден бас тартқан жағдайда **Тапсырыс беруші** есептелген соманы ағымдағы төлемнен ұстап қалуға және оны бюджет кірісіне аударуға құқылы. Егер **Мердігерге** Келісім шартта (2.2.-т., 10.19-т.) көрсетілген мерзімдерде жұмыстардың ақысын төлемесе не өз деңгейінде орындамаса,онда,Тапсырыс беруші мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының **0,1 пайызы** мөлшерінде бюджетке айыппұл төлейді.
10.25. Осы Келісім - шартта белгіленген тәртіппен **Тапсырыс беруші мен Мердігер** арасында келісілген өзге де айыппұл санкциялары немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де қағидалар көзделуі мүмкін.

10.26. Жұмыстардың басталу мерзімі сөнгілардың нұсқауы қабылданған. **Тапсырыс беруші** Казакстан Республикасы Қаржы Министрлігі Қазынашылық аумақтық органында тіркелген күннен бастап, осы Келісім - шарттың күшіне енген күні болып саналады және **2014 жылдың 31 желтоксанына дейін қолданылады.**
10.27. Осы Келісім - шарт заңдық күші бірдей екі данада құрастырылған.

Тараптардың заңды мекенжайлары мен төлемдік деректемелері:

Тапсырыс беруші:	**Мердігер:**
«Балкаш аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі	**ЖШС «Балкаш жолдары»**
БСН:120140003389 БСК:KKMFKZ2A ЖСК:KZ42070103KSN0902000 КР ҚМ: Қазынашылық Комитеті ММ	**БСН: 990940002121** **БСК: HSBKKZKX** ЖСК:KZ396010131000011175 АО « Народный банк Казахстана», Мекеме мекен жайы : Баканас ауылы Самал ыкшам ауданы 26 үй
Мекеме мекен жайы: Баканас ауылы Кондаев к-сі 66 Тел (Факс)-872773-9-54-01	
Ж.Ж. Мусаев	**А.С.Ибраев**
(Тапсырыс беруші мекеменің тұлғаның қолы)	(Мердігердің немесе уәкілетті тұлғаның қолы)